

Бриф
2022 жылы Internet желісінде
«Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ
жарнамалық науқанын жүргізуге арналған
медиа-агенттік таңдау конкурсы

№	Атауы	Сипаты
1	Тапсырыс беруші	«Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ Бренд – ВТБ www.vtb-bank.kz https://www.facebook.com/BankVtbKazakhstan/ https://i.instagram.com/vtb_kazakhstan/ https://vk.com/bankvtbkazakhstan
2	Географиясы	Қазақстан Республикасы Банк ВТБ (Қазақстан) жұмыс істейтін 17 қала
3	Конкурс мақсаты	Банк ВТБ (Қазақстан) 2022 жылға арналған коммуникациялық және жоспарлы міндеттерін орындау үшін Интернетте Банк ВТБ қызметін тиімді, табысты және сапалы жүргізу үшін медиа-агенттік анықтау.
4	Банктің Интернеттегі жарнамалық науқанының міндеті	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандағы ВТБ Брендін білу көрсеткіштерін арттыру. • Интернет желісіндегі жарнамалық науқанды оңтайландыру • Баннерлер мен контекстік жарнаманы сапалы орналастыру (байланыс орталығының деректері негізінде ай сайын салыстыру жүргізіліп, дұрыс толтырылған және өңдеуге қабылданған 15 000 өтінім келіп түсуі тиіс)
5	Банктің жарнамалық науқанының өнімдері мен мақсатты аудиториясы	<p>Жеке тұлғаларға берілетін қолма-қол ақша кредиттері (кепілсіз), депозит:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жасы – 21-ден 55-ке дейін, • Банк ВТБ (Қазақстан) жұмыс істейтін қала тұрғындары, • ҚР резиденттері, • Соңғы 6 ай ішінде міндетті үздіксіз жұмыс өтілі, • Жұмыстан және зейнетақы қорынан берілген анықтамамен расталған тұрақты ай сайынғы табысы; • Бір отбасы мүшесіне шаққандағы табысы: Алматы және Астана қалалары = 200 000 теңге, Басқа аймақтар = 150 000 теңге. <p>Шағын бизнеске берілетін кредиттер, депозиттер, КЕК, бизнеске арналған автокредиттеу.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Занды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер соның ішінде шаруа қожалықтары • Құрылыс, сұлулық индустриясы, халыққа қызмет көрсету және бөлшек сауда саласында қызмет көрсететін және өз бизнесін дамытқысы және кеңейткісі келетін, сондай-ақ бизнесті қолдау үшін кредиттеуге/қаржыландыруға мұқтаж тұлғалар. • Шешім қабылдайтын тұлғалар, басшылар және топ-менеджерлер. • Қарыз алушылардың жасы – 30-дан 55-ке дейін, • ҚР азаматтары,

		<ul style="list-style-type: none"> • Жұмыс істеп тұрған бизнес қана (кемінде 6 ай).
6	Интернетте ілгері жылжыту қызметтері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Интернетте жарнаманы орналастыру бойынша медиа-жоспарды әзірлеу Жеткізуші келісу және одан әрі бекіту үшін осы Шарттың қызметтер тізбесіне сәйкес Интернетте жарнаманы орналастыру бойынша медиа-жоспардың жобасын әзірлеп, оны Тапсырыс берушіге келісуге ұсынады. 2. Google және Яндекс іздеу желілеріндегі жарнама Google және Яндекс іздеу желілерінде іздеу жарнамасын орналастыру. Өлшем бірлігі: өту 3. Google және Яндекс медиалық желілеріндегі жарнама Баннерлік жарнамаларды контексттік-медиалық желілерде және Google және Яндекс жарнамалық платформаларының серіктес сайттарында орналастыру. Өлшем бірлігі: өту 4. Facebook және Instagram желілеріндегі жарнама Жеткізуші Facebook және Instagram желілері арқылы бейнероликтердің/анимациялық вижуалдардың/вижуалдардың/жарияланымдардың ілгері жылжытылуын қамтамасыз етеді. Жарнамалық науқанның өту мерзімі 4 айды құрайды. Жарнаманы орналастыру кезінде Жеткізуші лентадағы, стористердегі, ұсынылатын бейнелердегі және Audience Network серіктес алаңдары сияқты плейсменттерді пайдалана алады. Жеткізуші Тапсырыс берушімен таргетинг параметрлері мен жарнамалық материалдарды келіседі. Сатып алу бірлігі: көру/басу/көрсету/қамту (Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша) 5. myTarget-тегі жарнама (mail.ru, vk.com, одноклассники.ru) Жеткізуші myTarget арқылы mail.ru, vk.com, одноклассники.ru желілерінде жарнаманың орналастырылуын қамтамасыз етеді. Жарнамалық науқанның өту мерзімі кемінде 4 айды құрайды. Жарнамалық науқанды жүзеге асыру кезінде Жеткізуші лентада тизерлік, мобильді жарнама сияқты құралдарды пайдалана алады. Жеткізуші Тапсырыс берушімен таргетинг параметрлері мен жарнамалық материалдарды келіседі. Сатып алу бірлігі: көру/басу/көрсету
7	Интернетте ілгері жылжыту аясында банктік өнімдерге арналған жарнамалық баннерлерді әзірлеу қызметтері	<ol style="list-style-type: none"> 6. Контексттік жарнаманы орналастыру бойынша есепті ай сайын жіберу (негізгі сөздер тізімі, минус сөздер тізімі) 7. Баннерлер орналастырылған барлық алаңдардың өлшеміне сәйкес бейімделуі керек. 8. Агенттік белгіленген мерзімдерге қатаң сәйкестікте баннерлердің жедел дайындалуын қамтамасыз етуі тиіс.
8	Жеткізушіге қойылатын міндетті талаптар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Агенттік тұлғасындағы әлеуетті жеткізуші Яндекс және Google Premier Partner серіктесі болуы керек. Компанияның Яндекс және Google Premier Partner статусының (Яндекс парақшасында және Google Ads аккаунтындағы скриншоттан расталады) болуы туралы растайтын құжаттаманы ұсыну, сондай-ақ интернет-жарнама саласындағы мамандардың біліктілігін растайтын Google Analytics және Яндекс Метрика сертификаттары болуы керек. 2. Агенттік тұлғасындағы әлеуетті жеткізуші Қазақстан

Республикасының резиденті болуы тиіс, сондай-ақ оның Алматы қаласында кеңсесі болуы және контекстік жарнама бойынша үздік 10 рейтингісіне енуі қажет.

3. Агенттік тұлғасындағы әлеуетті жеткізушінің кәсіби құзыреті және осындай қызметтерді көрсету бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі, портфолиосында кемінде 5 алғыс хаты болуы керек. Әлеуетті жеткізуші кейстерді қоса беруі керек.

4. Агенттік тұлғасындағы әлеуетті жеткізушінің шартқа сәйкес міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық, материалдық және еңбек ресурстары болуы тиіс.

5. Агенттік тұлғасындағы әлеуетті жеткізуші Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Тапсырыс берушінің аумағында өз қаражаты есебінен digital маркетинг бойынша оқыту тренингін өткізуге дайын болуы керек.

6. Әлеуетті жеткізуші компанияның 2020-2021 жылдардағы айналымы кемінде 150 000 000 теңге болуы керек.

7. Қызметтерді көрсету үшін Әлеуетті жеткізушіде осы Шарттың орындалуын қамтамасыз ететін жобалық командасы болуы/құрылуы керек, сондай-ақ оның келесідей қажетті еңбек ресурстары болуы тиіс:

a. Штатында жарнама саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі бар және Тапсырыс берушінің барлық талаптарын үйлестіретін және олардың сақталуын қамтамасыз ететін жобалық команда жетекшісі сияқты дипломы бар кемінде бір қызметкер болуы тиіс;

b. Штатында контекстік жарнама бойынша кемінде 2 сертификатталған маманы болуы немесе қызмет көрсету кезеңінде оларды тарту керек, олардың әрқайсысының ағымдағы жылдың соңына дейін жарамды сертификаттары және кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі болуы тиіс. Мамандардың өзектілігі сертификаттарға берілетін сілтеме арқылы расталады. Қажетті сертификаттар тізімі:

1. Google іздеу жарнамасы,
2. Google мобильді жарнамасы,
3. Google мобильді сайттары,
4. Google бейнежарнамасы,
5. Google медиалық жарнамасы,
6. Google сатып алу,
7. Google цифрлық жарнамасы,
8. Яндекс.Директ;

c. Штатта кемінде 1 дизайнер болуы немесе қызмет көрсету кезеңінде кемінде 1 дизайнерді тарту;

d. Штатында осы жылдың соңына дейін жарамды 2 халықаралық онлайн талдау жүйесінің сертификаттары бар кемінде 1 сертификатталған маман болуы керек. Мамандардың өзектілігі осы сертификаттарға берілетін белсенді сілтемелермен және маманның еңбек кітапшасының және/немесе қызметтерді көрсетуге шартының сканерленген көшірмелерімен расталады.

		<p>8. Агенттік тұлғасындағы әлеуетті жеткізуші Тапсырыс берушіге атқарылған жұмыс туралы толық есептерді ай сайын беруге міндетті. Ай сайынғы негізде Интернет желісіндегі ҚР нарығындағы бәсекелестердің шолуын ұсыну.</p> <p>9. Агенттік тұлғасындағы әлеуетті жеткізуші төлеуге қабілетті болуы, таратылмай, оның мүлкіне тыйым салынбауы, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тоқтатылмауы тиіс;</p> <p>10. Агенттік тұлғасындағы әлеуетті жеткізуші тендерге қатысуға өтінім берген кезде және сатып алу туралы шарт жасаған кезде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындауға міндетті;</p> <p>11. Агенттік тұлғасындағы әлеуетті жеткізушінің бұрын жасалған шарттар бойынша Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ тарапынан наразылықтары болмауы керек.</p>
9	Жарнамалық Internet-науқанының тиімділігі туралы есептілік	<p>Агенттік ай сайынғы негізде Банкке келесі есептерді ұсынуы қажет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пайдаланушылар қарағандар саны бойынша жарнамалық алаңдардың рейтингісі, 2. Банк баннерлеріне басу саны, 3. 1 басу мен толтырылған өтінімнің нақты құны. 4. Болжалды және нақты GRP <p>Банк пен Агенттік тоқсанына бір рет немесе арнайы жарнамалық науқан басталғаннан кейін белгіленген жоспарларға қол жеткізудің және жарнамалық науқанның нәтижелерінің аралық бағалауын – дайындап, оларды талдауға міндетті.</p>
10	Конкурсқа арналған құжаттарды ұсынуға қойылатын талаптар	<p>1. <u>Агенттіктің фирмалық бланкісіндегі хат – есептеудегі қателік, сандар, жобаның жалпы құны көрсетілген коммерциялық ұсыныс</u></p> <p>Хат Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ басқарма төрағасы Дмитрий Александрович Забеллоның атына жазылады.</p> <p>Хатта Агенттіктің 2022 жылы Банкпен ай сайынғы жасалатын ынтымақтастығының құны көрсетіліп, Брифке қоса тіркелетін кесте-қосымша толтырылуы тиіс.</p> <p>2. <u>Power Point-тегі / PDF-тегі «Стратегия» презентациясы</u></p> <p>Презентация төмендегілерді қамтуы керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Стратегияның негізгі бағыттары, нарықтық тенденциялар, негізгі бағыттар = сіздің ұсыныстарыңыз және жыл соңына дейін біз қандай нәтижелерге қол жеткіземіз • Алаңдардың әрқайсысында / ілгері жылжытудың әр түрі бойынша орналастыру құны (соның ішінде жеңілдіктер, агенттік комиссия, ҚҚС), • Баннерлер әзірлеу және бейімдеу құны (анимациялық және бейне форматы) • Айлар бойынша транштарды қоса отырып, 2022 жылы Агенттікпен жасалатын ынтымақтастықтың жалпы құны. <p>3. <u>Конкурсқа қатысушы коммерциялық ұсынысқа қоса беретін құжаттар тізбесі⁵</u></p> <p>Конкурсқа қатысушы ұсынатын конкурстық өтінім/коммерциялық ұсыныс, оның ішінде мынадай құжаттарды қамтиды⁷:</p>

- Банк ВТБ Қазақстан ЕҰ атына басшының мөрі мен қолы қойылған фирмалық бланкіде ресми коммерциялық ұсыныс
- Дербес деректерді, құпия ақпаратты жинауға, өңдеуге және беруге келісім (№4 қосымша)

заңды тұлғалар үшін

- - қатысушы қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының көшірмесі (барлық өзгерістерімен/толықтыруларымен) (егер қатысушы қызметін заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген үлгілік жарғы негізінде жүзеге асырған жағдайда, тиісті белгісі бар құжаттың көшірмесі). Қазақстан Республикасының бейрезиденттері сауда тізілімінен үзінді көшірмені не Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркеу күні мен орны туралы ақпаратты қамтитын ұқсас сипаттағы басқа құжатты ұсынады;
- - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі (егер қатысушы қызметін заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын болса, тиісті белгісі бар құжаттың көшірмесі), сондай-ақ барлық тіркеу әрекеттері туралы анықтаманың көшірмесі;
- - конкурсқа қатысушының мөрімен куәландырылған үміткердің бірінші басшысын тағайындау (сайлау) туралы құжаттың көшірмесі (жалпы жиналыс хаттамасының/жалғыз құрылтайшы шешімінің көшірмесі, адамды бірінші басшы етіп тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі), оның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі қоса беріледі;
- - қатысушының жарғысына сәйкес қатысушының атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқығы бар бірінші басшыны қоспағанда, қатысушының мүдделерін білдіретін адамға (адамдарға) уәкілетті адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, сенімхатқа қол қойған (берген) адамның өкілеттігін растайтын құжаттардың көшірмелерін (олар болмаған кезде) қоса бере отырып, конкурсқа қатысуға өтінімге қол қою құқығына сенімхат;
- - конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу/конкурс өткізу күніне дейін үш айдан ерте емес берілген конкурсқа қатысушының салық берешегінің, Қазақстан Республикасы бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасы;
- - конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу/конкурс өткізу күнінің алдындағы үш айдан аспайтын мерзімде берілген, шоттары ашылған банктің (банктердің) анықтамасы немесе шоттары ашылған банктің (банктердің) мерзімі өткен берешегінің жоқтығы, шотта ақшаға тыйым салу, конкурсқа қатысушының шоты бойынша операцияларды тоқтата тұру туралы анықтамасының көшірмесі. Егер анықтамаға банктің бірінші басшысы қол қоймаса, онда анықтама осы адамға анықтамалардың деректеріне қол қою құқығы берілгенін тікелей көздейтін құжаттың көшірмесімен бірге ұсынылуы тиіс;
- - Заңды тұлғаның ЕГОВ барлық тіркеу әрекеттері туралы анықтама (ағымдағы күнге)
- - Қазақстан Республикасының бейрезидентін салық төлеуші ретінде

тіркеу туралы тіркеу куәлігінің көшірмесі;

жеке кәсіпкер ретінде міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын жеке кәсіпкерлер үшін

- - салық қызметі органы берген қатысушыны жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебін растайтын құжаттың көшірмесі не егер көрсетілген құжат жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, электрондық құжат нысанында берілген болса, электрондық құжат мазмұнының көшірмесі;
- - Қазақстан Республикасының бейрезидентін салық төлеуші ретінде тіркеу туралы тіркеу куәлігінің көшірмесі;
- - конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу/конкурс өткізу күніне дейін үш айдан ерте емес берілген конкурсқа қатысушының салық берешегінің, Қазақстан Республикасы бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасы;
- - конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу/конкурс өткізу күнінің алдындағы үш айдан аспайтын мерзімде берілген, шоттары ашылған банктің (банктердің) анықтамасы немесе шоттары ашылған банктің (банктердің) мерзімі өткен берешегінің жоқтығы, шотта ақшаға тыйым салу, конкурсқа қатысушының шоты бойынша операцияларды тоқтата тұру туралы анықтамасының көшірмесі. Егер анықтамаға банктің бірінші басшысы қол қоймаса, онда анықтама осы адамға анықтамалардың деректеріне қол қою құқығы берілгенін тікелей көздейтін құжаттың көшірмесімен бірге ұсынылуы тиіс;

Қажет болған жағдайда қосымша

- - лицензияның көшірмесі (егер конкурс шарттарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті лицензиялауға жататын қызмет көзделген жағдайда);
- - лицензиялардың не лицензиялардың және (немесе) электрондық құжаттың және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, қатысушының сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге құқығын растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері;
- - лицензиялық бағдарламалық өнімдерді өндіруші компанияның өңірлік өкілдігінен Банкке жолданған, қатысушының лицензиялық бағдарламалық өнімдерді немесе лицензиялық бағдарламалық өнімдерді қамтитын тауарларды/жабдықтарды жеткізуге және Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына тиісті техникалық қолдау көрсетуге құқығы мен мүмкіндігін растайтын хат;
- - қатысушының өндіруші зауыттың ресми дилері (өкілі) ретіндегі мәртебесін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- - консорциум туралы келісімнің көшірмесі, консорциумның әрбір қатысушысының мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтамасы (куәліктерінің көшірмелері) және жарғыларының көшірмелері (заңды тұлғаларды уақытша біріктіру үшін (консорциум)) (қажет болған жағдайда);

		<ul style="list-style-type: none"> • - қатысушының зияткерлік меншік құқығы объектілеріне айрықша құқықтарды беру (өткізу) құқығын растайтын құжаттың көшірмесі (Банктің зияткерлік меншік құқығы объектілеріне тиісті құқықтарды сатып алуына конкурс өткізген жағдайда), сондай-ақ, егер сатып алу болжанатын тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) сертификатталуға жататын немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзге де талаптарына сәйкестікті талап еткен жағдайда, тиісті сертификаттардың және өзге де осыған ұқсас құжаттардың көшірмелері; • - конкурсқа қатысушының мөрімен куәландырылған, конкурсқа қатысушының атынан мүдделерді білдіретін және шартқа қол қоятын тұлғалардың өкілеттіктерін растайтын құжаттардың көшірмелері (сенімхат, лауазымға сайлау (тағайындау) туралы хаттамадан үзінді, лауазымға тағайындау/лауазымға кірісу туралы бұйрық); • Ескерту: • Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын конкурсқа қатысушы өзінің біліктілік және өзге де талаптарға сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын нақ сондай құжаттарды не ағымдағы күнге орыс тіліндегі аудармасымен куәландырылған, белгіленген тәртіппен ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады. • Егер конкурсқа қатысушы оның біліктілік және өзге де талаптарға сәйкестігін растау үшін шет мемлекеттердің құзыретті органдары мен ұйымдарынан шығатын құжаттарды ұсынған жағдайда, өтінімді қарау кезінде орыс тіліндегі аудармасы бар осындай құжаттардың көшірмелері қабылданады, ал тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алуға шарт жасасу кезінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы бар құжаттар қабылданады, және, қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе қатысушыларының бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шартқа сәйкес заңдастырылған не апостильденген. <p>⁵ Банк жай акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) конкурсқа қатысушы акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) барлық меншік иелері (түпкі меншік иесі - жеке тұлғаға дейін) туралы ақпаратты ашатын құжаттарды сұратуға құқылы).</p>
11	Агенттікпен ынтымақтастық жасауға арналған Банк бюджетінің лимиті	<p><u>1. 2022 жылы Банк ВТБ Интернетте ілгері жылжыту (баннер + контекстік жарнама)</u> Лимиті 48 000 000 теңге</p>
12	Банктің байланыс тұлғалары	<p>Татьяна Ивановна Шевченко, «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ Корпоративтік коммуникациялар қызметінің директоры t.shevchenko@vtb-bank.kz Тел.: +7 (727) 330 41 90 Моб.: +7 (707) 702 45 92</p>

	<p>Зарина Фанильевна Мулюкова «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ Маркетингтік коммуникациялар бөлімінің бас маманы z.mulyukova@vtb-bank.kz Тел.: +7 (727) 330-40-41 Моб.: +7 (705) 575 02 06</p>
--	---